

ISSN 1815- 9486

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ  
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕМІ

НАУЧНЫЙ МИР  
КАЗАХСТАНА

SCIENTIFIC WORLD  
OF KAZAKHSTAN





ТІЛТАНЫМ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ♦ ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Сартқожаұлы Қ.

**ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ  
БАЙЫРҒЫ БІТІК  
ЖАЗУЫНА  
БАЙЛАНЫСТЫ  
ДЕРЕКТЕР**

*В статье рассматривается круг китайских источников, сохранившие информации о письменностях древних тюрков. Анализируя первоисточников и мнений ученых-востоковедов, автор приходит к выводу, что у древних тюрков (II в. до н.э. – X в.н.э.) существовала своеобразная письменность “bitig”.*

*This article is devoted the sphere of Chinese's source, preservate the information about ahcient Turkish writings. The analyze of the article is first-sources and Scientifics' options - east province.*

*The author in conclusion wanted to show that of an ancient Turkish existed distinctive writing “bitig”.*

1. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы I ғасырдың басында жазылған қытайдың «Яньте Лунь» деген нұсқасында: «Оларда (Хуннуларда –Қ.С.) моральдық, этикалық кітап жоқ. Сүйекке кертіп (кәгу), ағашпен орап, лауазымды адамдар белгілеу жасайды. Оны байманәп, лауазым иелерінен бастап, қарапайым халыққа дейін пайдаланады», -деп жазған [2.118].

Мұндағы «моральдық, этикалық кітап» деп отырғаны Конфуцийдің (Күнзінің) ілімі. «Сүйекке, ағашқа кертіп таңбалап белгілеу жасайды» деп хуннулардың жазуын айтып отыр.

2. Қытайлардың «Ши Цзи», «Цянь Хань Шу» атты көне нұсқаларының Хуннуға байланысты бөлімдерінде былай дейді: «Оларда (хунну – Қ.С) жетілген жазу (вэньцзи) жоқ. Жарлық, бұйрықтарын ауызша жүргізеді» [2.34]. Бұл дерекке сенуге болмайтын сияқты. Өйткені, хуннулар шетелдіктермен қатынас-қанда жазу пайдаланып отырған. Маодунь Тәңірқұт (щаньюй) Қытайдың Хань империясына хат жазып отырған [2.43]. Қытай тарихшысы Фэн Цзя-Шэнь хуннулардың Қытай императорына хат жазып жіберіп отырғандығын, алым-салық алып, тізім қозғалтып, хаттап-шоттау жұмысын жүргізіп келгендігін, жердің суретін (карта) сызып пайдаланғандығын айта отырып, олар жазу қолданған, яғни ол жазу Қытай жазуы болуы мүмкін дейді [11.113]. Бірақ, Қытай деректерінде Хуннулар Қытай жазуын қолданғаны



туралы қалдырған бірде-бір дерек жоқ. Егер Қытай жазуын қолданған болса ол туралы ашық жазатын еді. Бүгінгі Пекин (Бейжін) маңының Янь атты жерінде дүниеге келген Чжунхан Юэ деген адам Хуннуға сініп, Тәңірқұттың (Шаньюй) қызметінде болады. Сол адам, Қытай мен Хунну айырмашылығын көрсете отырып, қытайдың рухани дүниесін алып қолданбау керектігі туралы Хуннудың Тәңірқұтына (Шаньюй) ақыл кеңес беріп отырған екен [11.112]. Бұл дерекке қарағанда хуннулар қытай жазуын қолданбағанына көз жете түседі. Бұл арада тағы бір деректі айта кеткен жөн болар. Цинь империясының тарихшысы Ван Сянь-Цянь «Хоу Хань Шу» жылнамасын басқа деректермен салыстыра сараптай отырып «хуннулардың тілі, жазуы қытайлардан мүлдем басқаша болған» [11.113] деген тұжырым жасаған. Демек, қытайдың билік тарапынан түрікілердің елбасшыларына, әскери қолбасшыларға арнап, тұрғызған ұстындарға қытай иероглифімен мәтін жазып қалдырып отырғанын жоққа шығара алмаймыз. Дерек ретінде Қарағол, Күлтегін, Біліге қаған ұстындарындағы қытай мәтіндерін атауға болады.

Б.з.б. II ғасырдан б.з. X ғасыр аралығында ежелгі және ерте орта ғасыр дәуірінде қытай деректеріне жазып қалдырған түпнұсқамен танысалық.

Қытай түпнұсқаларында ежелгі және байырғы көшпелілер ағаш, сүйекке кертіп таңбалап жазу жазғаны туралы тарихи деректер.

| № | Мемлекеттер мен тайпалық одақтар  | Деректер  | Қытайша және латген транскрипциясы | Ғасыры                               | Қытай түпнұсқасы                      |
|---|---|---|------------------------------------|--------------------------------------|---------------------------------------|
| 0 | 1   | 2   | 3                                  | 4                                    | 5                                     |
| 1 | Хунну   | 1."Хуннуларда моралдық, этикалық кітап жоқ. Сүйекті кертіп (кэгу), ағашпен орап, лауазымды адамдар белгілеу жасайды."   | 刻骨                                 | Б.з.б. I ғ.                          | "Яньто Лунь" 472, 326 б.              |
| 2 | Тоба (хуннулардың ізін басып, тарих сахнасына шыққан, әрі бір тегі бір) | 2."Олар (тобалар-С.Қ.) ағаш кертіп (кэму), белгі салып (ци ци), өткен кеткен оқиғаны адамдарға жеткізіп отыруы, шежірешінің белгілеуі іспетті."<br>3."Тобаларда бітігші (қыт-бидэчжэнь) деген лауазым иесі бар. Олар"Құтты білік"(сяоцзин) кітабын қытайшадан тоба тіліне аударған. Онымен қатар өз | 刻木<br>紀契<br><br>比车耆                | Б.з. I-IV ғ.ғ.<br><br>Б.з. I-IV ғ.ғ. | "Вэй-шу" 425.1,1.<br><br>363,279-285; |





|   |                                   |   |                                     |                              |  |
|---|-----------------------------------|---|-------------------------------------|------------------------------|--|
|   |                                   | тілінде тарихын жазып, тіл тану еңбегін хаттап, ән кұрастырып жазып отырады."   |                                     |                              |  |
| 3 | Саяньб<br>(б.з.<br>II-IV<br>ғ.ғ.) | 4."Олардың басшылары шабарман жіберіп, адамдарды шақырып келтіру үшін ағаш кертiп (кэму), белгі салып (синь), бөліп-бөліп жүргізіп отырады. Жазуы жоқ (увэнь цзы) болса да көпшілік қауым бұл әдетті бұзбайды."<br>5."Шиинь (б.з.452-471 жылдары билік басында болған хан) хан тағына отырып шуци (жазу) колданып, қала тұрғызып, ордасын орнатты."   | 刻木信<br><br>书契                       | II-IV<br>ғ.ғ.<br><br>452-481 | "Вэй-шу"<br>"Сань го чжи"<br>түсіні к-темесі . 186, 742.<br><br>"Лян шу"<br>54 бөлім,<br>"Наньши" 79 бөлім |
| 4 | Жуан-жуандар                      | 6."Олардың (жужан-С.Қ.) билік жүргізу ісі өте жеңіл. Әдеби кітап жоқ. Ағаш кертiп (кэму), болған оқиғаны белгілейді (и цзи ши). Сөйтіп, кейінде шуци білетін болды. Қазір (470 жылдары) оларда зиялылар мол."<br>7."Оларда (жужандар-С.Қ.) жазу жоқ (вэньцзи), жужанның әскери басшылары қойдың құмалағымен әскерлерін белгілеп санайды. Кейін олар ағаш кертiп (кэму) белгілеу жасауды (вэйцзи) жақсы меңгерді." | 紀契<br>书契<br><br>文字<br><br>刻木<br>北车耆 | Б.з.<br>470ж.<br><br>V ғ.    | "Сүй-шу" 95 бөлім 188. б.1376<br><br>"Вэй-шу" 103 бөлім.<br>"Бэй-шу" 98 бөлім.                             |
| 5 | Түрік қағанаты                    | 8."Қажетті әскерлер мен ат-көлік, салық, малдың санын ағашқа кертiп (кэму), арнайы орамамен орап,   |                                     |                              | "Чжоу шу" 50 бөлім б.1829  |



|   |               |   |   |  |   |
|---|---------------|---|---|--|---|
|   |               | шамның майын тамызып, оның үстіне алтын ұшты жебемен сенім белгісін (синьци) басып таңбалайды."<br>9."Түріктердің жазуы (шуцзы) хулардікімен ұқсас."<br>10."Түріктерде жазу (вэньци) жоқ. Қажетті әскерлер мен ат-көлік, салық, мал санын ағашқа кертiп (кэму), арнайы ораммен орап, шамның майын тамызып, оның үстіне алтын ұшты жебемен сенім белгісін басып таңбалайды."<br>11."Түріктерде жазу (вэнь цзи) жоқ. Ағаш кертiп (кэму) белгі салады (вэи ци)." | 刻木<br><br>书字<br><br>文字<br><br>刻木<br><br>文屬<br>刻木<br>北车普 |  | 1830-б.<br><br>"Бэи-ши" 99 бөлім<br>2057-б.<br><br>"Сүй-шу" 84 бөлім<br>2123-б. |
| 6 | Қидан хандығы | 12."Абаоцзи заманында... қытай азаматтарын көптеп пайдаланып, аралық жазудың (лишу) жартысын алып тастап, мыңға жуық әріп қосып, жетілдіріп, ағаш кертiп (кэму) белгілеуді өзгертті."   | 刻木  |  | "Удай цзи" 72 бөлім.<br>197-б.<br>72 бөлім<br>4-б.                              |

Жоғарыдағы осы дереккөздеріне байланысты зерттеу жүргізген ғалымдардың тұжырымдамасын алып қарастыралық. Онда:

1. "Вэньци." Хань дәуірінен бастап ежелгі қытайлар өздерінің иероглиф жазуын "вэньци" – жетілген жазу деп атағаны жоғарыдағы деректерден айқын көрініп тұр. Онымен қатар бүкіл әлем синологтары "жетілген жазу" деп аударып келді.

2. "Шуцзи (шуци)." Шуци атауы "жазу" деген мағына беретінін ғылым әлеміне алғаш рет Н.Я.Бичурин мәлімдеді. Ол: "Қытайлар вэнь цзи деп қытай жазуын атаған. Ал одан кейін түріктердің жазуы (шуци) болғанын көрсетеді" [2.І.229], – деген тұжырым жасаған. Синолог Р.Варе (J.R.Ware) 1933 жылы "шуци" (шу цзи) атауы "жазу", "жазба дерек" деген мағына беретінін дәлелдеді [3.106]. Г.Шрайбер (G.Schreiber) 1897 жылы "Қытайлардың сияньбилерді Бэнь цзи (жазу) жоқ дегені қытай түсінігі бойынша айтылған. Ал, шуцзи деген атау "жазу" деген мағына береді деген ұсыныс жасады [12.150]. 1953 жылы синолог Д.Кароль:



"шуци" – жазу деген сөз десе", - [6.20], 1960 жылы Пекинде басылған "Цыхай" ("Сөз теңізі") қытай тілінің үлкен сөздігі (Ханьюй цыдянь), 1909 жылы басылған "Полный китайско-русский словарь" (под редакцией Иннокентия) сияқты еңбектерде ежелгі қытайдың шу ци (шуци) атауын "жазу" деп аударған. Хунну империясының тарихын зерттеуге үлкен еңбек сіңірген моңғол ғалымы Г.Сухбаатар жоғарыдағы ғалымдардың тұжырымдарын саралай келіп "шуци"- жазу деген атау екенін тағы да дәлелдеді [11.107].

Орталық және Орта Азияда өмір сүрген ежелгі хуннулардан бастап, тобо, сияньби, жуан-жуан (жужан), түріктер бір ғана жазу қолданған екен. Ол жазуды қытайлар өздерінің иероглифтік жазуынан ерекшелендіріп, әрі ұлы ұлттық шовинистік көзқараспен қарап, төменшіктете, "шуци" (шу ци) деп атапты деген тұжырым жасауға толық мүмкіншілік туып отыр. Ерекше назар аударатын ақпарат, б.з.б. II-I ғасырдағы хуннулар мен түріктердің (VI-VIII ғ.ғ.) жазуын бірдей атауы, олардың қай-қайсысы да "кэгу", "кэму" кертiп жазатындығы туралы мәселе болып отыр. Бұл ақпарат хуннулар мен түркілер бір текті жазу қолданғанын қабат дәлелдеп бере алады.

3. Қытай деректерінде ол жазуды "кэгу" (сүйекке кертiп), "кэму" (ағашка кертiп) жазатын жазу екенін жоғарыдағы кестедегі № 1-12 тарихи деректер дәлелдейді. Қытай зерттеуші Н.Я.Бичурин, Р.Варе, Г.Шрайбер, Д.Карольдар ол қандай жазу екенін айтып бере алмады. Көшпелі түріктердің қытайлардікінен өзгеше бір түрлі жазуы бар екенін көрсетіп берді. Өйтсе, осы кэму, кэгу (ағаш, сүйекке кертiп жазатын) жазу байырғы түрік рун жазуы деген батыл ұсынысты моңғол ғалымы А.Лувсандэндэв, Г.Сухбаатар хуннулардың кэму, кэгу атанған жазуы орхон рун жазуы болуы мүмкін деген ұсыныс жасады [11.105-119]. Бұған дейін кейбір батыс зерттеушілері кэму, кэгу деген ағаш, сүйекті жай ғана кертiп белгі салу деген түсінікпен келген-ді.

Жоғарыдағы кестедегі № 1,2,4,7,10,11,12 "кэгу" (сүйек кертiп), "кэму" (ағаш кертiп), белгі соғып (синь № 4), белгі салып (цици № 2), белгілеу жасайтынын (вэй ци, вэн ци, и ци ши № 6,7,11) айта отырып, оған сенім белгісін (мөр= синьци № 8) басатынын б.з.б. II ғасырдан б.з. X ғасырына дейінгі аралықта қытай деректері нақты көрсетіп жазып келді. Бұл көшпелілердің "шуци"-і (жазуы № 5,9) екенін, ол "шуци"-ді жазатын арнайы адамды "бітігші" (бидэгжэнь № 3) деп атағанын 1200 жыл бойы қағазға түсіріп, тарихи архивтеріне сақтап, хаттап, бізге жеткізді.

Көріп отырсыздар, қытайлардың атаған "кэгу", "кэму" – (ағаш,сүйекке жазған) түріктердің "шуци" жазуы – қатты затқа ойып жазуға арналған ойма жазу екен. Осы ойма жазуды қытай деректерінде "ху"-лардың жазуына ұқсас (Чжоу шу, Бэй-ши) әлденеше рет қайталайды. "Ху"- атауын батыс евроцентрист зерттеушілері де соғды деп дәлелдеуге тырысты. Соңғы кездегі зерттеулерде "хулар" қытайдың солтүстігіндегі көшпелі "оғуздар" екені дәлелденді.

Қағаз жасап пайдаланғанға дейін ежелгі қытайлар ағаш, сүйекке кертiп жазғанын белгілі түрколог ғалым И.Л.Кызласов өз еңбегінде нақты деректермен көрсетіп береді [8.9-27]. Қытайлардың дәл осындай құжаттары А.Стейн экспедициясынан кейін еуропалықтарға белгілі болды. Бұған Кролан Шығыс Түркістанның Лобнор көлінің маңындағы ерте орта ғасырлық Тибет





мәдениетінің (IV-III ғ.ғ.) шыпта-кітаптары (книга дощечкак) дәлел бола алады. Мұндай шыпта-құжаттарды ежелгі қытайша "цэ" деп атаған. Ондай шыпта-құжаттар б.з.б. XI-VIII ғ.ғ. өмір сүрген Батыс Чжоу дәуірінен бермен карай жалғасқан. Ол құжаттарды бамбуктан, ағаштан жасалған сағанақтарға (палка) жазып, екі шетінен кертiк шығарып, өзара қосып, тоқып тiркеген.

Б.з.б. XIII-IX ғ.ғ. үкiмет жарлықтарын сағанаққа (палка) жазып, шыпта-құжат етiп түптейтiн болған [8.12]. Онымен қатар тасбаканың қабығынан, iрi қара малдың мүйiзiнен жасалған сағанақ кiтапша етiп, түптеп отырған. Мұндай шыпта жарлықтар туралы деректер ежелгi қытайлардың б.з.б. VIII-III ғ.ғ. айтылып жүрген әндерi мен ән ұрандарында (Чунь-цю дәуiрi б.з.б. 722-475 ж.ж.) сақталған. Көптеген археологиялық көмбелерден шыпта-құжаттар табылды. Олар Чжань-го (б.з.б. 453-221 ж.ж.), Хань (б.з.б. 202- б.з. 220 ж.ж.) дәуiрлерiнiң мұралары. Шыпта кiтаптарды құрастырушы әрбiр сағанақтың ұзындығы 55,5-56,0 см, жалпақтығы 1 см. Бұл шыпта-кiтаптарды қытайлар сол кезде "фан-цэ" (фан-бамбук, цэ-құжат) деп атаған [8.12]. Қазақ халқы шиден, қамыстан шыпта тоқып, кигiз үйдiң iшiн, шымшиiн, есiгiн жасайтын болған. Сол дәстүрлiк ерекшелiгiн пайдаланып, "шыпта-құжат" деп атағанды жөн көрдiк.

Мiне, осы тарихи заттық деректердi И.Л.Кызласов, Кёжелиг-Хову және байырғы түрiк үлкен ескерткiштерiндегi мәтiндердiң жазылу ерекшелiгiмен салыстыра сараптай отырып, төмендегi тұжырым жасап, ол: "Ежелгi түрiктер жоғарыда аталған қытайлардың шыпта-кiтаптары iспеттес ағашқа, сүйекке жазылған шыпталар пайдаланған болуы әбден мүмкiн," – деген қорытындыға келген.

И.Л.Кызласовтың бұл ұсынысы деректi, дәйектi, ғылыми тұжырым. Қытайлықтардың Хань дәуiрiнен бастап көшпелi түрiктердiң жазуын "шунци" деп атауы осы деректерге тiкелей байланысты болуы әбден мүмкiн. Өйткенi, б.з.б. II ғасырда қытайлықтардың бамбук ағаштан жасалған "фан-цэ"-сiнiң орнын қағаздан жасалған кiтаптар иелендi де, шыпта-кiтаптар ақырында ұмыт бола бастаған.

Қытай дерегiндегi "кэму", "кэгу" сөзiнiң этимологиясына тоқтала кетелiк. Атау хунну тiлiнiкi. Сол дәуiрден сақталған. Қытай жылнамашылары ол атауды бұзбай жалғастырып келдi. Түркi тiлiнде "kerty" (керту) (МК I 160; II.236; III. 427) деген сөз бар. Бұл ежелден қолданыста болған сөз. Қытай тiлiнде "r (p)" дыбысы жоқ болғандықтан, шет тiлiнiң "r (p)" дыбысының орнына "g (r)", "m (m)", "b (b)" дыбыстарын қойып белгiлейдi. Өйтсе, "кэгу", "кэму" сөзi түрiктiң "керту" деген атауы болмақ.

"Кэгу", "кэму" атауын С.Ш.Чагдуров моңғол тiлiнiң "кев" (хэв) деген сөзiнен алынған атау деген ұсыныс жасаған (Чагдуров. Эпические., с.56-68). Моңғол тiлiнiң "кев" (кэв) сөзi "басып қалып алу", "қалыпқа түсiру" деген мағына бередi. Мұндай ксилографиялық қалыптар (стенографические, ксилографические доски) б.з. X-XI ғасырда шығыс елдерiнде қолдана бастаған. Моңғол тiлiнiң "кев" (хэв) атауы осыған байланысты. "Kertyu" (кэму) одан көп бұрынғы атау. Сондықтан, "кэму", "кэгу" сөздерi моңғол тiлiнен алынды деуге келмейдi.

Олай болса Қытайлардың "шуцы (шу цзи) деп белгiлеген бұл жазуды ерте орта ғасырлық түркiлер өздерi не деп атады деген сұрақ туады. Жоғарыдағы кестенiң 2 жерiнде тобаларда (түркiлер) "бидэчжэнь" деген лауазым бар деп



көрсетіп отыр. Бұл сөзді зерттеушілер “бітігіші” деп аударған. Бітігіші – жазу жазатын, арнайы маманданған адам. Біті – жазу. Орхонның барлық мәтіндерінде.

Bitig tas – жазу тас; Bitig bitidim – жазу жаздым; Belgümin ücün bitigimin – белгім мен жазуым үшін т. с.с

Деректер ондап сақталып, тас бетіне қашалған (10.245-360). Міне, бұл тарихи деректер қытайлардың “шуци” деп атаған жазуды түріктер өздері “бітіг” деп атағанын дәлелдейді. Өйтсе бұдан былай түрік рун жазуы деген атаудың орнына “Түрік бітіг” деген атау алуымыз жөн болады.

Жоғарыдағы тарихи деректер мен заттық құндылықтарға табан тірей отырып, тұжырым жасасақ, ежелгі қытай дерегіндегі шуци (шу цзи), еуропалықтардың рун (күпия) деп атаған жазуы көшпелілердің жазуы екеніне күмән келтіре алмаймыз. Бұған дейін хунну жазуына байланысты ғылыми ортада біраз пікір сайыстар болды. Осы ғылыми ұсыныстармен танысалық. Е.Блоше 1898 жылы жариялаған бір мақаласында хунну, жужандардың жазуы туралы өз болжамын ұсыныпты. Онда: “Солтүстік Семит (арамей) жазуының бірін хуннулардан жужандар алса, одан түріктер рун жазуын алып қолданған” [98.45],- деген. Е.Блошеден кейін 1961 жылдары моңғол археологы Ц.Доржсүрэн хуннулар жазу қолданғанын айта отырып, Абакан, Дархан, Керуленнен қазылған, хунну молалардан табылған таңбаларды түпдерек ретінде көрсеткен [66.105]. 1972 жылы тарихшы А.Дамдинсүрэн хуннулардың рун жазу қолданғанын Ішкі моңғолдың Жэхэ, Чэндэ деген жерлерінен табылған пышақ, ақша таңбаларын түпдерек ретінде алып, дәлелдеген [4.106-111]. Жэхэ, Чэндэ таңбалары хунну империясы дүниеге келуден бұрынғы мұра болғанмен біз оны хунну дәуірінің жазу мәдениеті құндылығына қостық. Ф.Альтхайм ежелгі грек тарихшысы Прискиге сілтеме жасай отырып: “Ғұндар жазу қолданған. Аттила ордасында тізім қозғалтып, оны дауыстап оқитын болған. Демек, ол тізім ішкі істеріне арналып жасалғандықтан грек немесе латын әрпімен жазылмағаны түсінікті”,- дейді [1.283-284]. Ал, VI ғасырдың алғашқы жартысында Кавказдың оңтүстігі мен батыс Тиблис орталығында мекен еткен Аррандықтардың дінбасы библияны ғұн тіліне аударып оқығандығын Ф.Альтхайм сөз ете отырып, Кавказдық ғұндар бітіг рун жазуын қолданған [1.286] деген тұжырым жасаған. Орталық Азияның ежелгі хуннулардың батысқа қоныс аударған тобын ғылымда “ғұн”, “ақғұн” деп атап кеткен. Осы ежелгі хуннулардың бір бөлігі, еуропа ғұндары, ұлттық түркі рун жазуын ала кеткені онсыз да дәлелдеуді қажет етпейтін түсінік.

Жоғарыдағы тарихи деректерді, оған сипаттама жасаған ғалымдардың тұжырымдары сақтарда (скиф), хуннуларда жазу болғанын дәлелдейді. Еуразияның ұлы даласын мекендеген көшпелілердің ол жазуы – ежелгі түркі бітіг іспетті (руноподобный) жазуы екені жоғарыдағы дерек-дәйектердің нәтижесінде бізге белгілі болып отыр.

Бізге жеткен бітіг (шуци) жазуының бірнеше варианты бар екенін, оның ғылымда әбден орнығып, дәлелденгенін жақсы білеміз. Олар: орхон, енисей, талас, еуропа рун жазулары. Олардың сыртында, ғылымда әлі де болса белгісіз болып келген Сарыөзен I,II, сақ (скиф) жазулары, хунну таңбалары мен жазулары; ғылыми айналымға түсе бермеген рун іспетті (руноподобный) деп шеттетіп,





байырғы түркі жазу үлгісіне қоспаған Орта Азиялық жазулары бар. Осы жазу үлгілерін бір жүйеде салыстыра қарастыру жөн сияқты.

#### Әдебиеттер

1. Altheim F. Geschichte der Hunen. Erster Band. Berlin. 1969.
2. Бичурин Н.Я (Иакниф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. I. М.-Л., 1950
3. Ware J.R. Wei shou on Buddhism // TP. 1933 p.p. 100-181
4. Дамдинсүрэн А. Археологийн шинжилгээгээр олдсон Хүннүгийн бичгийн дурсголууд // SA. T.V. Fasc. 3-13. УБ., 1972. тал. 99-111
5. Доржсүрэн Ц. Умурт Хунну. УБ., 1961
6. Carrol D. Account of the Chin Dynasty. Berkeley., Los-Angeles. 1953.
7. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М., 1964
8. Кызласов И.Л. Особенности Азиатского проторунического письма. // //Тюркология. 2004. № 1 (9) С. 3-27
9. Kaskary M. Divanü Lugat-it-Türk (B. Atalay tarsemesi) T. I-IV. Ankara. 1985-1986.
10. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұрасы. Астана. 2003.
11. Сүхбаттар Г. Монголчуудын эртний овог. УБ., 1980.
12. Schreiber G. History of the former Yen Dynasty. // Monument Serica. Journal of oriental studies. Tokio. 1956. Vol. XIV. pp. 374-480.; vol. XV. pp. 1-144.